«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директоры: ________ Б. Есенбеков
«22» __01__ 2024 ж

**" Білім жолын бастаған, бастауышым бастамам" тақырыбында 2023-2024 оқу жылында бастауыш әдістемелік бірлестігінің 22.01-26.01 жыл аралығында өтетін апталықтың жоспары**

**Мақсаты:** Жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру, сабақта алған білімдерін дамыту. Сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру.

| № | Сабақтың тақырыбы | Пәні | Сыныбы | Өтетін күні | Уақыты | Жауапты мұғалім |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Бастауыш сынып бірлестігі апталығының ашылуы** | Бастауыш сынып | 1-4 сыныптар | 22.01.2024 ж | 08: 30 | Бірлестік жетекшісі<br>Сынып жетекшілер |
| 2 | **Ң н дыбысы мен әрпі** | Сауат ашу | МАД | 23.01.24ж | 09: 20 | Құттыбаева Е |
| 3 | **Әдемі жазу да өнер. Таза күнделік оқушы айнасы .** | Бастауыш сынып | 1-4 сыныптар | 23.01.24ж | 12:10 | Бірлестік жетекшісі<br>Сынып жетекшілер |
| 4 | **Көбейту амалының компоненттері арасындағы өзара байланыс.** | Математика | 2 сынып | 24.01.24 ж | 10: 20 | Абатова В |
| 5 | **Интеллектуалды жарыс** | Бастауыш сынып | 1- 4 сыныптар | 24.01.24 ж | 12:10 | Ергешова Н Құдайберген А |
| 6 | **Жуан және жіңішке жұп дауыстылар .** | Ана тілі | 1 сынып | 25.01.24 ж | 08: 30 | Байбуриева Г |
| 7 | **Табыс септік 51 – 55 жаттығулар** | Қазақ тілі | 4 сынып | 25.01.24 ж | 12: 10 | Сырлыбаева Н |
| 8 | **Сурет салу - өнер** | Әдебиеттік оқу | 3 сынып | 25.01.24 ж | 11:10 | Укибаева У |
| 9 | **Спорттық жарыс . «Толағай»** | Дене шынықтыру | 1-4 сыныптар | 25.01.24 ж | 12: 10 | Құдайбергенов А |
| 8 | | | | | | |

Бастауыш сынып бірлестік жетекшісі: В. Абатова

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ, КЕЛЕС АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІ
№48 «САҢЫРАУ» ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП

# Ашық сабақ

## **Тақырыбы:** Табыс септік.

Пәні: қазақ тілі
**Орындаған:** Сырлыбаева Нуржамал
**Сыныбы:** 4

Саңырау ауылы
2023-2024 оқу жылы

## Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының атауы | №48 Саңырау шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп | |
| Пәні: | Қазақ тілі | |
| Мұғалімнің аты-жөні | Сырлыбаева Нуржамал | |
| Бөлім: | **Табиғатты қорғаймыз.** | |
| Күні: | 25.01.2024ж | |
| Сынып: 4 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | **Табыс септік.** | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 4.2.6.1 – белгілі бір тақырыпта берілген мәтіннің түрлерін, жанрын, стилін салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. | |
| Сабақтың мақсаты | Кейіпкер туралы пікірін білдіруді үйренеді. Табыс септігімен танысады | |
| Құндылықтар | ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ: Ұлттық мұраға ұқыпты қарау | |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | **Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру үшін** ширату жаттығуларын жасату.<br>Қатар-қатар тізіліп,<br>Оқушыға лайық.<br>Қолымызды жіберіп,<br>Түп-түзу боп тұрайық.<br>Жақсы болып сабақта,<br>Әдеп сақтау сәніміз.<br>Отыруға нақпа-нақ,<br>Дайындалдық бәріміз.<br>I - қатар – жай отыр,<br>II- қатар – тез отыр,<br>Сабақ бастар кез боп тұр!<br>**Өткен сабаққа шолу:**<br>**«Ақша қар» әдісі**<br>-Зат есімнің сұрағы?<br>-Қазақ тілінде неше септік бар?<br>-Септік жалғаулары қандай қызмет атқарады?<br>-Зат есімнен басқа сөз таптары септеле ме?<br><br>**Оқу материалын жариялау**<br>**«Смайликтер»** ойынымен бүгінгі сабағымызда қай сөз табын өтетінімізді табайық. | Мұғалімнің тапсырмасын орындайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Смайликтердің асындағы әріптерді ереже бойынша орналастырады. | Бағалау: Термометр.<br><br>Әр алған балдың түсын қызылмен бояп отырады.<br> | компьютер, модем, теледидар, ұялы телефон суреттері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
|  | <br>. -Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы:<br>Табыс септік<br>-Сабағымыздың мақсаты:<br>Кейіпкер туралы пікірін білдіруді үйренеді.<br>Табыс септігімен танысады<br>-Балалар, мына құралмен нені өлшейді?<br>-Оны не деп атайды?<br>-Онда бүгін бағалауға осы термометр құрылғысын пайдаланамыз.<br>-Бұл бағалаудың ерекшелігі балдық шкаласы 10 ға дейін.<br>-Әр дискриптор бойынша жинаған балдарымызды белгілеп отырамыз.Сабақтың соңында бүгінгі сабағымыздың температурасы қаншаға жеткенін анықтайтын боламыз.<br>1ден 4 ке дейін қызылмен бояймыз,<br>4 пен 7 аралығын сарымен бояймыз,<br>7 мен 10 аралығын жасылмен бағалаймыз. Сары ,жасыл түс адамның өмір сүруіне қолайлы ауа температурасы болып есептеледі.<br>**-Ондай болса, табыс септігінің ережесіне назар аударыңдар.** | -Ауа температурасын өлшейді<br>-Термометр | | |
| Сабақтың ортасы<br>35 мин | **Сабағымызды бастамас бұрын сендермен бірігіп бір әдемі күй тыңдайық.**<br>**Ұжыммен жұмыс. Тыңдалым**<br>**«Аққулар күйі»**<br>**https://www.youtube.com/watch?v=tCEPAF0pbBY**<br>**-Күй сендерге қалай әсер етті?**<br>**-Күй не туралы деп ойлайсыңдар?**<br>**-Күй қалай аталады екен?**<br>**-Бұл күйді бұрын соңды естігендерің бар ма?**<br>**-Қай кинофилімде осы күй ойналады?**<br>**-Оқитын мәтін не туралы болады деп ойлайсыңдар?**<br>-Ондай болса оқулықтағы № 51-жаттығуды оқиық. **«Ыстық орындық»** әдісімен мәтінді тыңдайық.<br><br>**(Топтық жұмыс) « Су ли фа» ойынымен топтық тапсырмаларды алады.**<br>**1-топ тапсырмасы:** | Күйді тыңдайды. Күйден алған әсерлерін айтады.<br><br>-Аққудың биі туралы.<br>-Аққулар күйі<br>-Қыз Жібек филімінде ойналады<br><br>-Аққу туралы.<br><br>-Ортадағы тұрған орындыққа бір оқушы отырып мәтінді дауыстап,мәнерлеп оқиды.<br>-Оқушылар ұйып ,түсініп тыңдайды.<br><br>Су ли фа ойынымен тапсырманы бөліп | **ҚБ: 3 балл** | **Интернет ресурс**<br><br>**Оқулық,** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | әрекетіне баға бер.<br><br>**2-топтың тапсырмасы:**<br>Мәтіндегі зат есімді тауып атау,ілік,барыс септіктерінің жалғауын жалған септе.<br><br>**Дескриптор:**<br>Зат есімді септейді.<br>– Аудио бейнежазба мазмұнына өзіндік баға береді.<br>-Жақсы балалар, бүгін қай септіктің жалғауларымен танысамыз деп ойлайсыңдар?<br>**Жазылым. Өздік жұмыс.**<br><br>**52-жаттығу.** *Сөйлемдерді көшіріп жаз. Табыс септігінде тұрған сөзді тауып астын сыз.*<br><br>**Дескриптор:** Табыс септігінің жалғауын біледі.<br><br>**Сергіту сәті.**<br><br>-Балалар, кыста табиғатпен тығыз байланысты кандай қызықты ойындар бар?<br><br>-Ондай болса, алдымыздағы параққа кез келген бір зат есім жазып ,қағазымызды қар сияқты домалақтап аламыз.Дайын қарымызды қалаған бір оқушыға лақтырамыз. Қағып алған қарымызды ашып, ішінде жазылған сөздің кай сөз табында тұрғанын айтатын боламыз.<br><br>**Жұптық жұмыс. «Жұптас,ойлан»**<br><br><br><br>**Дескриптор: Табыс септігінің жалғауын біледі. Мақалды толықтырып жазады.**<br>**Дәптермен жұмыс. 55-жаттығу.**<br><br>-Балалар, біздің негізгі тақырыбымыз қандай еді? Еске түсірейікші. | -Тыңдалған мәтін кейіпкеріне баға береді. Ойларын жүйелі жеткізеді. Диалогке қатысады.<br><br>-Мәтіндегі аққу сөзін үш септікте септейді.<br><br>.<br><br>**Сөйлемдерді көшіріп жазады.(3) Табыс септігінде тұрған сөзді табады(1)**<br><br>-Қар атысу<br><br>Нәтижесінде атау септігінің жалғауын каншалықты білетіндіктері анықталады.<br><br>-Жұптасып парақшаны толтырады.<br><br>Мақалдарды оқып,табыс септігінде тұрған сөздерді жазады<br><br>Табиғатты | **ҚБ 4 балл** | **Үлестірмелі парактар, АКТ тапсырмалар,бейнероликтер**<br><br>WhatsApp Желісі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | -Құстардан басқа тағы нелерді қорғауға аламыз?<br><br>-Ондай болса, табиғатты қорғауды жалғастырайық.<br><br>-Ақ аюдың қонжығы сеңге тап болыпты. Бізге енесі қонжығын құтқаруымызды өтініп тұр. Ол үшін бізге бүгінгі сабағымызда алған білімдеріміз көмектеседі.<br><br>-Қалай балалар, көмектесеміз бе?!<br><br>-Ондай болса, Ойымызды жинақтайық.<br><br>**Кері байланыс «Қонжыққа көмек»** | **Өсімдіктерді,жан - жануарларды қорғаймыз.**<br><br>Ойын ойнай отырып сабаққа кері байланыс береді. | **ҚБ 2 балл**<br><br>**ҚБ:1 балл** | Үлестірме лі **парақшалар** |
| Сабақтың соңы<br>5 мин | **Рефлексия: «Термометр»** әдісі бойынша өтеді.<br>-Ендігі кезек бүгінгі сабағымыздың атмосферасын анықтау. Ол үшін қолдарыңа жинаған балдарыңды белгілеген термометрлеріңді алыңдар.Тақтадағы менің термометіріме қарап отырыңдар. Өздеріңнің шкалаларың шыққанда қолдарыңды көтересіңдер.<br><br><br><br>Оқу тапсырмасы: **54-жаттығу** | Жинаған балдары бойынша көңіл күйлері анықталады | ҚБ қойылады. | |

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Түркістан облысы
Келес ауданы

№48 "Саңырау" шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебі

# Ашық сабақ

Сынып: МАД
Пән: Сауат ашу
Тақырып: «Ңң» дыбысы және әрпі

Орындаған: Құттыбаева Е. Ш

2023 – 2024оқу жылы

№ 48 «Саңырау» шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебі

## «Ңң» дыбысы және әрпі

Білім беру саласы «Каммуникаця»

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет түрі: «Сауат ашу»

Сабақтың тақырыбы: «Ңң дыбысы және әрпі.»

Сабақтың мақсаты:

Ң дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра келіп, балаларды сөздің дыбыстық мәдениетін сақтап, анық, таза сөйлеуге үйрету.

Ң дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуына назар аудару, олардың сөздік қорына мән беріп, байланыстырып сөйлеуге үйрету.

**Сабақтың көрнекілігі**: Аңшы (суреті), Шаңғы (қыс мезгіліне тән ойын) әріптер , (суреті), Әліппе.Текшелер (қызыл ,Көк)

**І -Ұйымдастыру кезеңі**

Шаттық шеңбері:

Балалар шеңбер бойында тұрып өлеңді қайталайды.

Үлкенге де сіз,
Кішіге де сіз,
Сәлем бердік сіздерге
Құрметпенен біз.

Балалар бір –біріне арналған жылы тілектерін білдіреді. Аспанымыз ашық болсын деніміз сау болсын,от басымыз аман болсын.

Жарайсыңдар балалар!

**ІІ. Өткен оқу қызметіндегі дыбыстарды қайталау.**

Ал бізге барлық әріптерді үйрететін кітап «Әліппе» деп аталады, олай болса Әліппені шақырайық (таныстыру)

Әліппе.

Бар кітапқа бас болған
Әліппе ғылым анасы
Әліппеден басталған
Даналықтың данасы
Мен әліппе боламын.

**Әріптер сөйлейді!**

Алма алма алмұрт егеміз
Айға сапар шегеміз
Алақай ау алақай
«А» дыбысын білеміз.
Мен «А» әріпімін.

Тайға мініп шабамыз
Тау мен тасты табамыз
Тарақ тайлақ тауықтан
« т» дыбысын табамыз
Мен «Т»әріпі боламын.

Бала отыр партада
Оқы үйрен шаршама
П –дыбысы дауыссыз
Мәлім болды баршаға.
Мен п-әріпі боламын.

Нан әлемнің азығы
Дастарқанның қазығы
Нар түйенің асылы .
Өрісі ел жазығы
Мен «н» әріпі боламын.

Мен «Р»-әріпімін
Ризамын оқуға
Ретімен тоқуға
Р-ны айту қиынақ
Кей біреулер қорқуда.
Мен Р-әріпі боламын.

Жарайсыңдар балалар !

**III. Жаңа ұйымдастырылған оқу қызметімен таныстыру .**
«Ң» әрпімен балаларды таныстыру .

- Ң әрпін әндетіп, кедергісіз айтамыз, ендеше «Ң» әріпі дауыссыз дыбыс болып келеді .

Дауысты дыбыс екіге бөлінеді олар : жуан және жіңішке дыбыстар болып .

ң- әріпі дауыссыз жіңішке болып келеді

Ң -әрпін тақтаға жазып көрсетемін.

ң- әрпін ауада жаздыртамын.

- Балалар, « Ң ң»дыбысына қатысты қандай сөздер айта аласындар?

- Балалар:Оң Тоң, Шаң . Шаңғы .Жыңғыл , Зең т/б

1.Сөздерді буынға бөлейік.

2.Дыбыстық талдау жасау.

3.Сөздерге қатысты сөлемдер құрастыру.

(Қорапшадағы суреттерді таңдау арқылы жүргізеді.)

**IV -Дидактикалық ойын** :«Кім білгіш?» ойын арқылы өткен дыбыстарды қайталау.
**Ойын шарты**: Мен дауысты дыбысты айтқанда , екі қолды жоғары көтеріп шапалақтайсыңдар, ал дауыссыз дыбысты айқанда, еңкейіп тізелерінді шапалақтайсындар.

**(Ортаға 3-4 баладан шығып ойынды жүргізеді)**

**Сергіту сәті .**
Музыкалық әуенмен

**Дәптермен жұмыс:**
Бір, екі, үш
Жинап алып күш
Қолға қалам аламыз
«Ң»әріпін жазамыз.

Бір жолға әдемі, сауатты жазу тапсырымын.

Оқушылар оқу құралдарын алып, сабаққа дайындалады.
Балалар дәптерге «Ңң»әрпін жазады

**Жаңа оқу қызыметін қорытындылау.**

Балалар бүгін сабақта не үйрендік?

- Ң әрпі қандай дыбыс?
- Ң әрпін қандай текшемен белгілейміз?
- Дыбыстар нешеге бөлінеді?

- Дауысты дыбыстар қандай текшемен белгіленеді?

- Дауыссыз дыбыстар қандай текшемен белгіленеді?

Ал бізге барлық әріптерді үйрететін кітап не деп аталады (Әліппе)

**Үйге тапсырма .**

Балаларды мақтап мадақтау.

# ң дыбысының орнын анықта



Қоңыз



Таң



Саңырауқұлақ



Жаңғақ



Аң

«Ң» әрпінен басталатын жалғыз сөз



КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНЕ
қарасты №48 «Саңырау» шағын жинақты
жалпы білім беретін мектебі

# Қысқа мерзімді ашық сабақ жоспары

**Өтілген мектебі:** №48 «Саңырау» ш.ж.ж.б.б.м

**Сыныбы:**3

**Сабақ тақырыбы:** Сурет салу

**Укибаева Улбосын**

(пән мұғалімінің Т.А.Ж)

**Саңырау ауылы**

**2023-2024 оқу жылы**

**Қысқа мерзімді жоспар**

**Әдебиеттік оқу 56 -сабақ**

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп | №48 «Саңырау» шағын жинақты жалпы білім беретін беретін мектебі | |
| Бөлім | **ӨНЕР** | |
| Педагогтің аты-жөні | Укибаева Улбосын | |
| Күні: | 25.01.2024ж | |
| **Сынып:3** | Қатысушылар саны: | Қатысушылар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | **№56 Сурет салу – өнер.** **Бәрібір өкінбеймін. *М. Қабанбай.*** <br> **Сурет салу – өнер.*А. Шаяхмет*** | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 3.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану <br> 3.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану | |
| **Сабақтың** мақсаты | Шығарманы көз жүгіртіп, қажетті ақпаратты тауып оқиды, кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжай алады. | |
| Құндылықты дарыту | Ұлттық мүдде –ұлттық мәдениетті дәріптеу | |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезең уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы <br> 10 минут | **Қызығушылықты ояту.** <br> Сыныпты қалыпқа келтіру. <br> Күлімдеп күн бүгін, <br> Қарады маған да. <br> Күлімдеп күн бүгін, <br> Қарайды саған да. <br> Сәлем деймін достарға, <br> **Өткен тақырыпқа шолу:** <br> - «Аққу туралы аңыз» мәтінін мазмұндау, Шәмші туралы мәліметтер жинау. <br> **Тақырыпты болжау.** <br> **«Жұмбақ» әдісі арқылы жүреді:** <br> **Жұмбақ:** <br> -Адамның жүзін, <br> Басы мен көзін. <br> Айнытпай келбетін, <br> Салатын кім суретін? (суретші) <br> **Бейнеролик көрсету.** <br> -Олай болса, бүгінгі сабақта «Сурет салу-өнер» тақырыбындағы шығармаларды оқитын боламыз. | Психологиялық тренингкке қатысады. <br><br> Оқу тапсырмасы жайлы сұрақтарға жауап береді. <br><br> Тақырыпты ашады. | | **Үлестірмелі парақтар** |
| Сабақтың ортасы 15 мин | **ҚБ 1 тапсырма** <br> **ОДД:білу,түсіну,қолдану** <br> **«Суреттер сөйлейді» әдісі** <br> Суретпен жұмыс: <br> Суретшінің туындысын да оқуға болады. Ол үшін суретке зер сал | -Мәтінді тізбектей дауыстап оқиды <br> Сөздікті жазып, жаттап | **Бағалау критерийі** <br> Көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі нұсқасымен | Оқулық |

---------------------------------------------

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br>және сұрақтарға жауап бер.<br>-Сурет қалай аталады? Авторы кім?<br>- Суретші қандай бояуды көп пайдаланған? Неліктен?<br>- Суреттегі жыл мезгілін сөзбен сипатта.<br>**Мәтінмен жұмыс. «Бәрібір өкінбеймін»** мәтінін, «Сурет салу –өнер» өлеңін түсініп тізбектей дауыстап оқыңдар.<br>- Әңгіме қалай аталады? Ол кімге қатысты айтылған? Жазушы неге өкінбейді екен?<br>-Шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін бір-біріңе сұрақтар қойып, жауап беріңдер.<br>**ЕББҚ ететін (ойлау деңгейі төмен ) балаға тапсырма )**<br>Өз ата-әжең, әке-шешең мамандық таңдауыңа қатысты қандай ақыл айтатынын есіңе түсіріп әңгімеле. | алады. Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды | салыстырады, мәтінді дауыстап түсініп оқи алады.<br>**Дескриптор:**<br>- Суретшінің туындысын сипаттайды- 1балл.<br>- Мәтінді тізбектей дауыстап оқиды- 1балл.<br>- Мәтін кейіпкері туралы сұраққа жауап береді-1балл.<br>- Мәтін мазмұны жайлы бір-біріне сұрақтар қойып, жауап береді- 2балл. | |
| **5 мин** | **Сергіту сәті. «Нейрожаттығу»** | Балалар бірге орындайды | Жарайсыңдар | |
| **10 мин** | **ҚБ 2 тапсырма**<br>**ОДД:білу,түсіну,қолдану**<br>**Топтық жұмыс**<br>**Пікір білдіру:**<br>- «Сурет салу – өнер» тақырыбында топ алдында сөйлеуге дайындал. Жоспар құр.<br>**Суретпен жұмыс:**<br>-Суретке зер салып қара. Суретші баланың жіберген қателіктерін тап<br><br>-Мәтін мен өлең бойынша қандай сурет салатыныңды сипаттап айт. | Тапсырманы талқылап, өз пікірлерін білдіреді.. | **Дескриптор:**<br>- «Сурет салу – өнер» тақырыбында пікір білдіреді- 2балл.<br>- Суретші баланың жіберген қателіктерін табады-1балл.<br>- Мәтін мен өлең бойынша қандай сурет салатынын сипаттап айтады-2балл | |
| **Сабақтың соңы 5 мин** | **Рефлексия «Почта жәшігі»**<br><br>**Оқу тапсырмасы:** «Сурет салу – өнер» тақырыбында әңгіме құрау. | Алған балдарын санайды | «Бағалау парақшасы» арқылы ұпай сандарын есептеп бағалары қойылады. | |

---

№48 «Саңырау» шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

# Эстафеталық сайыс

**Тақырыбы:** «Толағай» эстафеталық сайыс
Пән: Дене шынықтыру
Сыныптар: 1-4

Дайындаған: Құдайбергенов А.К

2023-2024 оқу жылы

**Тақырыбы**: «Толағай» эстафеталық сайыс
**Мақсаты:**

Оқушыларға спорттық ойындарды орындата отырып спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.

**Сабақ түрі:** Эстефеталық ойын
**Көрнекілік:** қап, шар

**Сабақ барысы:**

I. **Ұйымдастыру кезеңі.**

Шынықсаң шымыр боласың,
Сауығып айдай толасың.
Спортты серік ете біл,
Жақсы азамат боласың.
Жеңімпаз болу оңай ма,
Арман болған талайға?
Болмасаң да ұқсап бақ,
Жарысқа түсіп қалайда.

Құрметті мұғалімдер және оқушылар бүгінгі «Толағай» сайысымызға хош келдіңіздер! Көңілді жарысқа 1, 2, 3, 4 сынып оқушылары қатысады.

Жарысқа қатысатындарды шақырамыз,
Әр таңды бақытпенен атырамыз.
Өнерді ой көгінде бақылаңыз,
Сайысқа қатысуға енді ортаға
Топтарымызды шақырамыз.

Сайысты бастамас бұрын, сайысымызға әділ баға беретін әділқазылар алқасымен таныстырайық.

Спорттық сайысымыз 6 бөлімнен тұрады.

1- кезең. «Есекпен жарыс» ойыны
2- кезең. «Қаппен жарыс» ойыны.
3- кезең. «Түйе мен қасқыр» ойыны
4- кезең. «Кім жылдам» ойыны

Әр кезеңнен кейін әділ қазылар өз бағаларын береді.
Құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәт сапар тілеймін!
Сайысымызды бастаймыз. Сайысымыздың

**1- кезең**
**«Есекпен жарыс» ойыны**
**Мақсаты:** Топ басшысы есекпен кедергілерден өтіп тапсырманы орындап, кедергімен келіп келесі оқушыға беру керек.
**Тапсырма:** Мақалдар- мәтелдер айту.

**2– кезең. «Қаппен жарыс» ойыны**
**Мақсаты:** Қапты аяққа кие отырып, кедергілерден өтіу керек.

**3 – кезең. «Түйе мен қасқыр»**

**Мақсаты:** Бірінші топ түйе, екінші топ қасқыр болады. Түйе тобы боталарын қасқырдан қорғау керек. Ал қасқыр боталарды жеуге тырысады. Кез келген өлеңдер жолдарын айтып беру.

**4-кезең. «Кім жылдам » ойыны**

**Мақсаты:** Топпен шар үрлеу. Бірінше бірлеп шарды жарған топ жеңіске жетеді.

**Қорытынды бөлім.**

Жарыс заңы ежелден-
Жеңімпазды анықтау
Жеңімпаз болу шарты сол –
Еңбектену, жалықпау.
Бірсу озса сайыста,
Бірсу артта калады.
Жеңілгендер ренжімей
Тараса бізге жарады.

демекші сайысымыздың шарттары бойынша қорытынды шығарып жеңімпаздарды анықтап, марапаттау сөз әділқазыларға беріледі.

Уа, халқым назар аудар денсаулыкка!
Өмірде бақыттысың денің сау да.
Денсаулық терең бақыт деген сөзді,
Құр айтпаған ұлыАбай данамызда.

**Құрметті мұғалімдер, оқушылар! Көп уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп – көп рахмет.**